



«Бекітемін»

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту вице-министрі

Ақпарова Ш.Қ.

« 06 » \_\_\_\_\_ 2026ж.

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОЛЛЕДЖДЕРІНІҢ ҮЗДІК 100 СТУДЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже «Қазақстан Республикасы колледждерінің Үздік 100 студенті» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, қатысушылар санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТЖКОББ) ұйымдарының 100 Үздік студенттерін тануға бағытталған.

1.3 Конкурс «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы негізінде өткізіледі.

1.4 Конкурстың мазмұны мен тәртібі тәуекел элементтерін қамтымайды, пайда немесе өзге де кіріс алу мақсатын көздемейді, тек ақпараттық сипатта және осы Конкурс Ережесіне сәйкес өткізіледі.

### 2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

2.1 Конкурс талантты жастарды қолдау, жұмысшы мамандықтарын насихаттау және білім, дағды мен дарын арқылы жетістікке жеткен ТЖКОББ ұйымдарының үздік студенттерін ынталандыру мақсатында өткізіледі.

2.2 Конкурс міндеттері:

– ТЖКОББ ұйымдарының үздік студенттерін анықтау, марапаттау және көтермелеу;

– ТЖКОББ ұйымдары білім алушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға ынталандыру;

– жеке және кәсіби өсудің тиісті бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды тарта отырып, шеберлік сабақтары, тренингтер/курстар ұйымдастыру арқылы үздік студенттерді одан әрі дамыту үшін мүмкіндік жасау;

### 2.3 Күтілетін нәтижелер:

- әлеуетті жұмысқа орналастыру мақсатында кадр резерві ретінде жұмыс берушілерге ұсыныс беру үшін колледждердің үздік студенттерінің деректер қорын құру;
- «OUTSTANDING STUDENTS AWARDS» рәсімінде 100 үздік студентті ресми марапаттауды ұйымдастыру және өткізу;
- студенттерді одан әрі дамыту үшін шеберлік сабақтары /тренингтерден, жеке және кәсіби өсу курстарынан өту мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- БАҚ, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарда үздік студенттердің жетістіктері туралы материалдар жариялау.

## 3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1 Конкурсқа Қазақстан Республикасының Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарындағы ТЖКОББ ұйымдарында білім алатын, келесі санаттағы студенттер қатысады:

- қоғамдық бірлестіктердің, студенттік өзін-өзі басқару және еріктілер қозғалысы ұйымдарының мүшелері;
- аймақтық және халықаралық WorldSkills чемпионаттарының және басқа да кәсіби шеберлік конкурстарының қатысушылары мен жеңімпаздары;
- ғылыми конференциялардың, олимпиадалардың және түрлі конкурстардың қатысушылары мен жеңімпаздары;
- мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру шеңберінде жұмыс істейтін бағдарламалар мен қызмет бағыттарына қатысушылар;
- шығармашылық ұйымдардың өкілдері;
- жобалар, инновациялық идеялар, стартап-жобалар авторлары.

3.2 Соңғы үш жылдағы Конкурс жеңімпаздарына Конкурсқа қатысуға тыйым салынады.

## 4. КОНКУРСТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және аймақтардың жергілікті орындаушы органдары Конкурсты ұйымдастырушылары болып табылады.

4.2 Конкурсты ұйымдастыру, үйлестіру және өткізу бойынша жұмыстарды «Талар» КЕАҚ (бұдан әрі – Оператор) жүзеге асырады.

4.3 Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары (бұдан әрі – Бірлесіп ұйымдастырушылар) Конкурстың республикалық кезеңіне кандидатураларды іріктеуді көздейтін аймақтық деңгейдегі Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып табылады.

### 4.4 Оператор:

- Конкурс ережесін әзірлейді және (немесе) өзектендіреді;

- Конкурсты ұйымдастыру және өткізу жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- Конкурстың республикалық кезеңін ұйымдастырады және өткізеді;
- Конкурстың өткізілуі туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде жариялайды;
- түрлі стейкхолдерлерді тарта отырып, Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады және өткізеді.

## 5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТІЗРТІБІ

5.1 Байқау 3 (үш) кезеңде өткізіледі:

- 1) ішкі кезең;
- 2) өңірлік кезең;
- 3) республикалық кезең.

5.2. Ішкі кезең ТЖКОББ ұйымдарында 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде өткізіледі. Конкурстың өңірлік кезеңіне қатысуға әрбір ТЖКОББ ұйымынан саны бестен (5) аспайтын студенттер тізімі жіберіледі.

5.3. Бірлесіп орындаушылар бір ай ішінде Конкурстың өңірлік кезеңін өткізіп, 10 (он) студент – жеңімпазды анықтайды және өңірлік кезеңнің жеңімпаздар тізімін Операторға [top100@talap.edu.kz](mailto:top100@talap.edu.kz) электрондық мекенжайға жібереді.

5.4. Конкурстың республикалық кезеңін Оператор «TOP 100 STUDENTS» интернет-ресурсында өткізеді;

5.5. Өңірлік кезеңнің жеңімпаздарынан конкурстың республикалық кезеңіне қатысу үшін бір ай ішінде өтініштерді қабылдау Оператордың платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады.

5.6. Үміткерлер конкурстың соңғы кезеңіне қатысу үшін өтінімге келесі файлдарды қоса тіркейді:

1) Қатысушы таңдаған мамандығын дамыту идеяларын ұсынатын, «Адал азамат», «Заң және тәртіп» біртұтас тәрбие бағдарламасының және «Таза Қазақстан» қозғалысының идеологиялық құндылықтарын ескере отырып, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған **«Еңбекпен биікке жет» Уәждемелік хаты** (350 сөзден артық емес);

2) Қатысушы таңдаған мамандығына және колледжге деген қызығушылығын, кәсіби білімі мен дағдыларын қолдануды танытатын, сондай-ақ аймақ пен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін көрсететін, әлеуметтік желіде (қатысушының немесе жетекшінің жеке аккаунттарында немесе колледждің ресми аккаунттарында) орналастырылған **бейнеролик** (ұзақтығы екі минуттан аспайтын бейнероликке сілтеме жасай отырып);

3) Қатысушы білім алып жатқан мамандығы аясында цифрлық технологияларды қолдануды және жасанды интеллектті белсенді енгізуді көрсетіп, өзін болашақ маман ретінде айқындайтын **өзінің жобасымен таныстыру** (презентация 7 слайдтан артық болмауы тиіс).

*Конкурсқа ұсынылған жұмыстар байқау басталғаннан кейін дайындалған болуы тиіс.*

5.7. Оператор Конкурсқа қатысушылардың өтінімдері мен материалдарын бір ай ішінде тексеру жүргізеді.

5.8. Конкурсқа ұсынылған материалдар рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, олар Оператор тарапынан кері қайтарылады.

Конкурсқа қатысушылар жолдаған материалдарының мазмұны мен ресімделуіне жауапты.

5.9. 100 жеңімпаз студентті анықтау үшін Оператор Конкурстың республикалық кезеңінің комиссиясын құрады. Комиссия құрамына конкурсанттардың даярлық бейіні бойынша мамандар кіреді. Әрбір конкурстық құжаттаманы комиссияның 3 (үш) мүшесі бағалайды.

5.10. Жеңімпаздар комиссия мүшелерінің бағалау балдарының орташа есептік мәні бойынша анықталады (ондық бөлшектер ескеріледі).

5.11. Қатысушылардың қорытынды балдары тең болған жағдайда, байқаудың «Өз жобасын таныстыру» тапсырмасы бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушы жеңімпаз деп танылады.

5.12. Конкурс жеңімпаздары туралы ақпарат Оператордың ресми интернет-ресурсында орналастырылады.


5.13. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау «OUTSTANDING STUDENTS AWARDS» ресми түрде ұйымдастырылады және өткізіледі, оның аясында студенттерге шеберлік сабақтары, тренингтер мен жеке және кәсіби өсу курстарынан өтуі қамтамасыз етіледі.

5.14. Оператор және Ұйымдастырушылар Конкурс барысын кеңінен жариялауды қамтамасыз етеді, Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпаратты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және интернет-ресурстарда жариялайды.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОЛЛЕДЖДЕРІНІҢ ҮЗДІК 100  
СТУДЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ» ЕРЕЖЕСІНІҢ**

**Келісу парағы**

*Келісушілер*

№	Аты-жөні, лауазымы	Күні	Қолы
1	Мұханбетов Әсет Ғарифоллаұлы Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры	04.02.2026	
2	Қасымова Ақзира Бақтыбайқызы Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директорының орынбасары	03.02.2026	